

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ

Престилол, 5 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Престилол, 5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Престилол, 10 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Престилол, 10 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Белсенді заттар: бисопролол + периндоприл.

Престилол, 5 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әрбір таблетка құрамында 5 мг бисопролол фумараты (4,24 мг бисопрололға сәйкес келеді) және 5 мг периндоприл аргинині (3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді) бар.

Престилол, 5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әрбір таблетка құрамында 5 мг бисопролол фумараты (4,24 мг бисопрололға сәйкес келеді) және 10 мг периндоприл аргинині (6,790 мг периндоприлге сәйкес келеді) бар.

Престилол, 10 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әрбір таблетка құрамында 10 мг бисопролол фумараты (8,49 мг бисопрололға сәйкес келеді) және 5 мг периндоприл аргинині (3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді) бар.

Престилол, 10 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әрбір таблетка құрамында 10 мг бисопролол фумараты (8,49 мг бисопрололға сәйкес келеді) және 10 мг периндоприл аргинині (6,790 мг периндоприлге сәйкес келеді) бар.
Қосымша заттардың толық тізбесі 6.1-бөлімде келтірілген.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Престилол, 5 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

ұзынша пішінді екі жақ беті дөңес, бөлу сызығы, бір жағында «5/5» өрнегі және басқа жағында «» өрнегі бар, қызғылт сары-қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.
Таблетканы тең жартыға бөлуге болады.

Престилол, 5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

ұзынша пішінді екі жақ беті дөңес, бөлу сызығы, бір жағында «5/10» өрнегі және басқа жағында «» өрнегі бар, қызғылт сары-қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.
Таблетканы тең жартыға бөлуге болады.

Престилол, 10 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

дөңгелек пішінді екі жақ беті дөңес, бір жағында «10/5» өрнегі және басқа жағында «» өрнегі бар, қызғылт сары-қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Престилол, 10 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

ұзынша пішінді екі жақ беті дөңес, бір жағында «10/10» өрнегі және басқа жағында «» өрнегі бар, қызғылт сары-қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1 Қолданылуы

Тиісті дозаларда бисопрололмен және периндоприлмен ем көрсетілген ересек пациенттерде артериялық гипертензияны және/немесе жүректің тұрақты ишемиялық ауруын және/немесе сол жақ қарыншаның систолалық функциясы төмендеген тұрақты созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеуде.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

1 таблеткадан тәулігіне 1 рет.

2,5 мг бисопролол және 2,5 мг периндоприлді қабылдаған пациенттерге күніне бір рет престилол 5 мг + 5 мг препаратының ½ таблеткасын қабылдау керек.

2,5 мг бисопролол және 5 мг периндоприлді қабылдаған пациенттерге Престилол препаратының ½ таблеткасын күніне бір рет 5 мг + 10 мг қабылдау керек.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер

Препаратты бүйрек функциясы бұзылған пациенттерге арналған ұсынымдарға сәйкес тағайындау керек.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер (4.4 және 5.2 бөлімдерді қараңыз)

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерге Престилол препараты 1-кестеде көрсетілгендей креатинин клиренсінің (Cl_{CR}) мәндерін ескере отырып тағайындалады.

1-кесте.

Креатинин клиренсі (мл/мин)	Ұсынылатын доза			
	Таблетка 5 мг + 5 мг	Таблетка 5 мг + 10 мг	Таблетка 10 мг + 5 мг	Таблетка 10 мг + 10 мг
$Cl_{CR} \geq 60$	5 мг + 5 мг бір Престилол таблеткасы	5 мг + 10 мг Престилол таблеткасының ½	10 мг + 5 мг бір Престилол таблеткасы	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.
$30 < Cl_{CR} < 60$	5 мг + 5 мг Престилол таблеткасының ½	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.
$Cl_{CR} < 30$	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.	Қабылдауға болмайды. Жеке компоненттердің дозаларын жеке таңдау ұсынылады.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер (4.4 және 5.2 бөлімдерді қараңыз)

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерге дозаны түзету талап етілмейді.

Балалар

Престилол препаратын балалар мен жасөспірімдерде қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталған жоқ. Деректер жоқ.

Қолдану тәсілі

Тәулігіне 1 рет таңертең, тамақ ішер алдында, бір стакан су іше отырып, ішке қабылдайды.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- Әсер етуші заттарға, АӨФ басқа тежегіштеріне немесе 6.1-бөлімде атап көрсетілген қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық.
- Жүректің жедел жеткіліксіздігі немесе инотропты препараттарды вена ішіне енгізу қажет болған кезде жүрек жеткіліксіздігінің декомпенсация эпизодтары
- Кардиогенді шок
- 2 немесе 3 дәрежелі атриовентрикулярлық (AV) блокада (электрокардиостимуляторсыз)
- Синустық түйіннің әлсіздік синдромы
- Синатриальді блокада
- Ем басталғанға дейін айқын білінетін брадикардия (ЖЖЖ минутына 60 соққыдан аз)
- Ауыр артериялық гипотензия (систолалық артериялық қысым 100 мм сын.бағ. аз)
- Бронх демікпесінің ауыр түрлері
- Шеткері артериялық қанайналымының айқын бұзылулары немесе Рейно синдромының ауыр түрлері
- Емделмеген феохромоцитома (4.4-бөлімді қараңыз.)
- Метаболизмдік ацидоз
- Анамнезінде АӨФ басқа тежегіштерін қабылдау аясында ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі) (4.4-бөлімді қараңыз.)
- Тұқым қуалайтын немесе идиопатиялық ангионевроздық ісіну
- Жүктілік және бала емізу кезеңі (4.4 және 4.6 бөлімдерін қараңыз)
- Коллапс
- Қант диабеті бар немесе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде құрамында алискирен бар препараттармен бірге қолдану (ШСЖ<60мл/мин/1,73м² дене беткейінің ауданы) (5.1 және 4.5 бөлімдерді қараңыз)
- диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларын антагонистермен (АРА II) **бірге қолдану** (4.4-бөлімді қараңыз)
- Валсартан+сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану. Престилолды валсартан+сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан бұрын қабылдауға болмайды (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).
- Қанның теріс зарядталған беткейлермен жанасуына әкелетін экстракорпоралдық ем (4.5-бөлімді қараңыз)
- Бүйрек артерияларының айқын екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы (4.4-бөлімді қараңыз).

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Сақтықпен

Айқын артериялық гипотензияның даму қаупі жоғары пациенттер, гиповолемия және гипонатриемия (тұзсыз диета және/немесе диуретиктермен алдында жүргізілген ем, диализ, құсу, диарея салдарынан), тұрақты емес стенокардия, цереброваскулярлық аурулар, реноваскулярлық гипертензия, бастапқы гиперальдостеронизм, анамнездегі ангионевроздық ісіну, қара нәсілді пациенттер, гиперкалиемияның даму қаупінің факторлары, калий сақтайтын диуретиктермен, құрамында калий тұздары бар препараттармен, литий препараттарымен бір мезгілде қолдану, қант

диабеті жоқ немесе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде алискирен мен құрамында алискирен бар препараттарды бір мезгілде қолдану, диабеттік нефропатиясы жоқ пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерін (АРА II) бір мезгілде қолдану, кальций өзекшелерінің "баяу" блокаторларымен бір уақытта қолдану, аритмияға қарсы I класты дәрілері немесе орталықтан әсер ететін гипотензивті препараттар, емді күрт тоқтату, брадикардия, I дәрежелі AV блокадасы, митральді стеноз, аортальді стеноз, гипертрофиялық кардиомиопатия, Принцметал стенокардиясы, бүйрек функциясының бұзылуы, бүйрек артерияларының екі жақты стенозы, нейтропения/агранулоцитоз/тромбоцитопения/анемия, иммуносупрессорлармен, аллопуринолмен, прокаинамидпен (нейтропенияның, агранулоцитоздың даму қаупі) емдеу, бүйрек трансплантациясынан кейінгі пациенттер, жоғары ағымды жарғақшаларды пайдаланылған гемодиализ (анафилактоидты реакциялардың даму қаупі), тығыздығы төмен липопротеиндердің (ТТЛП) аферезі емшарасын жүргізу кезіндегі пациенттер, десенсибилизациялайтын емдеу кезіндегі пациенттер, 1 типті қант диабеті және қандағы глюкоза концентрациясының айтарлықтай ауытқулары бар 2 типті қант диабеті, өкпенің созылмалы обструктивті ауруының ауыр түрлері, бронх демікпесінің ауыр түрлері, бронх түйілуі (анамнезінде), қатаң диета, жеңіл және орташа дәрежедегі шеткері артериялық қанайналымының бұзылуы, ауқымды хирургиялық араласымдар және жалпы анестезия (шамадан тыс АҚ төмендеуінің даму қаупі), псориаз, феохромоцитома, гипертиреоз, бауыр функциясының айқын бұзылуы, рестриктивті кардиомиопатия, туа біткен жүрек ақауы немесе айқын гемодинамикалық бұзылулары бар жүрек клапанының ақауы, соңғы 3 айда өткерген миокард инфарктісі, аллергиялық реакциялар (анамнезде), туа біткен глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығы (гемолиздік анемияның жекелеген даму жағдайлары), дәнекер тіннің жүйелік аурулары (жүйелі қызыл жегі, склеродермия және т. б.).

Престилол препаратына әрбір компонентке қатысты барлық айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары қолданылады.

Бисопролол

Емді уақытша тоқтату және "тоқтату синдромы"

Бисопрололмен емдеуді күрт уақытша тоқтатуға немесе дәрігермен алдын ала кеңесінсіз ұсынылған дозасын өзгертуге болмайды, өйткені бұл жүрек қызметінің уақытша нашарлауына әкелуі мүмкін. Емдеуді кенеттен, әсіресе ЖИА бар пациенттерде уақытша тоқтатуға болмайды (стенокардия ұстамаларының ауырлауы, миокард инфарктісінің дамуы және бета-адреноблокаторларды қабылдауды кенеттен тоқтатқан ЖИА бар пациенттерде қарыншалық аритмиялардың пайда болуы байқалған). Егер емдеуді тоқтату қажет болса, бисопролол дозасын біртіндеп төмендету керек. Стенокардия едәуір ауырлаған немесе жедел коронарлық синдром дамыған жағдайда бисопролол қабылдауды уақытша жалғастыру керек.

Препаратты сақтықпен қолдану қажет аурулар

Бисопрололды мынадай жағдайларда сақтықпен қолдану керек:

- ӨСОА-ның ауыр түрлері және бронх демікпесінің ауыр емес түрлері;
- қандағы глюкоза концентрациясының айтарлықтай ауытқуы бар қант диабеті: бисопролол тахикардия, жүректің қағуы немесе қатты терлеу сияқты гипогликемия симптомдарын (қандағы глюкоза концентрациясының айқын төмендеуі) бүркемелеуі мүмкін;
- қатаң диета;
- десенсибилизациялайтын ем жүргізу;
- I дәрежелі атриовентрикулярлық блокада;
- - вазоспастикалық стенокардия (Принцметал стенокардиясы) Коронарлық тамырлардың түйілу жағдайлары байқалды. Бисопрололдың жоғары бета-1 селективтілігіне қарамастан, оны Принцметал стенокардиясымен ауыратын пациенттерге тағайындаған кезде стенокардия шабуылдарының дамуын толығымен жоққа шығаруға болмайды);

- жеңіл және орташа дәрежедегі шеткері артериялық қан айналымының бұзылуында (емнің басында симптомдардың күшеюі туындауы мүмкін);
- псориаз (оның ішінде анамнезінде).

Жүрек-қантамыр жүйесі аурулары

Бета-адреноблокаторларды пациенттің жағдайы тұрақтанғанға дейін декомпенсацияланған созылмалы жүрек жеткіліксіздігі кезінде қолдануға болмайды.

Бисопрололды қолданудың бастапқы кезеңдерінде пациенттер тұрақты бақылауды қажет етеді.

Бета-адреноблокаторлар брадикардияны туындатуы мүмкін. Тыныштықта ЖЖЖ минутына 50-55 соққыдан аз сирегенде дозаны азайту немесе бисопрололды қабылдауды тоқтату керек.

Басқа бета-адреноблокаторлар сияқты, бисопролол ЭКГ-да PQ аралығын ұзартуы мүмкін. Бисопрололды I дәрежелі атриовентрикулярлық блокадасы бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Селективті емес бета-адреноблокаторлар альфа-рецепторлар арқылы коронарлық артерияның вазоконстрикциясы салдарынан вазоспастикалық стенокардиясы (Принцметал стенокардиясы) бар пациенттерде ангинозды ұстамалардың жиілігі мен ұзақтығын арттыруы мүмкін. Вазоспастикалық стенокардия кезінде кардиоселективті бета 1-адреноблокаторларды (бисопрололды қоса) сақтықпен қолдану керек.

Қазіргі уақытта I типті қант диабетімен, бүйрек және/немесе бауыр функциясының айқын бұзылуымен, рестриктивті кардиомиопатиямен, туа біткен жүрек ақауларымен немесе айқын гемодинамикалық бұзылулары бар жүрек клапанының ақауымен үйлесімде СЖЖ бар пациенттерде бисопрололды қолдануға қатысты деректер жеткіліксіз. Сондай-ақ осы уақытқа дейін соңғы 3 ай ішінде миокард инфарктісі бар СЖЖ бар пациенттерге қатысты жеткілікті деректер алынған жоқ.

Тыныс алу жүйесі

Селективті бета₁-адреноблокаторлар селективті емес бета-адреноблокаторларға қарағанда тыныс алу жүйесінің қызметіне аз дәрежеде әсер етуіне қарамастан, өкпенің созылмалы обструктивті ауруына және бронх демікпесінің ауыр емес түрлеріне шалдыққан пациенттерге бисопрололды аса сақтықпен және оны қолданудың ықтимал артықшылықтары әлеуетті қауіптен асып кеткен жағдайда ғана тағайындау керек. Бронх демікпесі немесе ӨСОА кезінде бронходилатациялайтын дәрілерді бір уақытта қолдану көрсетілген. Бронх демікпесі бар пациенттерде тыныс алу жолдарының резистенттілігінің жоғарылауы мүмкін, бұл бета₂-адреномиметиктердің анағұрлым жоғары дозасын талап етеді.

Жүрек жеткіліксіздігін емдеу мақсатында кешенді емде тағайындалатын ӨСОА-мен ауыратын пациенттерде бисопрололды ең аз ықтимал дозадан бастаған жөн, ал пациенттерде жаңа симптомдардың (мысалы, енгігу, дене жүктемелеріне төзбеушілік, жөтел) пайда болуын мұқият бақылаған жөн.

Ауқымды хирургиялық араласымдар және жалпы анестезия

Хирургиялық араласымдар жүргізу қажет болған жағдайда анестезиолог – дәрігерге пациенттің бета-адреноблокаторларды (ауыр брадиаритмиялардың дамуымен дәрілік өзара әрекеттесу қаупі, рефлекторлық тахикардияның және артериялық гипотензияның төмендеуі) қабылдайтыны туралы ескерту керек.

Периоперациялық кезеңде бисопрололды қабылдауды айқын қажеттіліксіз тоқтатпау ұсынылады (себебі бета-адренорецепторлардың блокадасы кіріспе наркоз және кеңірдектің интубациясы кезінде аритмия және миокард ишемиясының пайда болу қаупін азайтады). Хирургиялық араласым алдында бисопрололмен емдеуді тоқтату қажет болған жағдайда, препаратты операциядан кемінде 48 сағат бұрын тоқтату керек. *Феохромоцитом*

Феохромоцитомасы бар пациенттерде бисопролол альфа-адреноблокаторларды қолдану аясында ғана тағайындалуы мүмкін.

Тиротоксикоз

Қалқанша безінің гиперфункциясы кезінде бета-адреноблокаторлар (бисопрололды қоса) тахикардияны бұркемелеп, тиреотоксикоз симптомдарының айқындылығын төмендетуі мүмкін.

Препаратты күрт тоқтату ауру симптомдарының өршуіне және тиреоидты криздің дамуына әкелуі мүмкін.

Жоғары сезімталдық реакциялары

Бета-адреноблокаторлар, бисопрололды қоса, аллергияларға сезімталдықты және бета-адреноблокаторлардың әсерінен адренергиялық компенсаторлық реттеудің әлсіреуіне байланысты анафилаксиялық реакциялар / аса жоғары сезімталдық реакцияларының ауырлығын арттыруы мүмкін. Бета-адреноблокаторларды қабылдау аясында эпинефриннің (адреналиннің) әдеттегі емдік дозаларын қолдану әрқашан қалаған клиникалық әсерге қол жеткізуге әкелмейді. Анамнезде аса жоғары сезімталдықтың ауыр реакциялары бар немесе десенсибилизация курсынан өтетін пациенттерге бисопрололды тағайындау кезінде сақ болу қажет.

Псориаз

Псориазбен ауыратын пациенттерде бисопрололды қолдану туралы мәселені шешу кезінде препаратты қолданудың болжамды пайдасын және псориаз ағымының асқыну қаупін мұқият салыстыру керек.

Жанаспалы линзалар

Жанаспалы линзаларды пайдаланатын пациенттер бета-адреноблокаторларды қолдану аясында көз жасы сұйықтығының өнімі төмендеуі мүмкін екенін ескеруі тиіс.

Периндоприл

Айқын артериялық гипотензия

АӨФ тежегіштері АҚ күрт төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ауыр артериялық гипотензия артериялық гипертензияның ағымы асқынбаған пациенттерде сирек дамиды. АҚ шамадан тыс төмендеу қаупі АҚК төмендеген пациенттерде, мысалы, диуретиктермен емдеу аясында, қатаң тұзсыз диета сақталған кезде, гемодиализ, диарея немесе құсу кезінде, сондай-ақ ренин белсенділігі жоғары артериялық гипертензияның ауыр дәрежесі бар пациенттерде жоғары (4.5 және 4.8-бөлімдерді қараңыз). Айқын артериялық гипотензия жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық көріністері бар, сондай-ақ бүйрек жеткіліксіздігі жоқ пациенттерде байқалуы мүмкін. Бұл қауіп "ілімектік" диуретиктерді, гипонатриемияны немесе бүйректің функционалдық жеткіліксіздігін қабылдауға реакция ретінде ауыр дәрежедегі жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде анағұрлым ықтимал. Емді бастау және дозаны түзету кезеңінде симптоматикалық артериялық гипотензияның даму қаупі жоғары пациенттер мұқият медициналық бақылауда болуы тиіс. Осындай тәсіл ЖИА немесе цереброваскулярлық ауруы бар пациенттерге де қолданылады, оларда АҚ шамадан тыс төмендеуі миокард инфарктісінің дамуына немесе ми қанайналымының жедел бұзылуына әкелуі мүмкін.

Артериялық гипотензияның дамуы кезінде пациентті жатқан қалпына ауыстыру және қажет болған жағдайда, натрий хлоридінің 9 мг/мл (0,9%) ерітіндісін вена ішіне құю жүргізу керек. Өтпелі артериялық гипотензия препаратты одан әрі қабылдауға қарсы көрсетілім болып табылмайды. Әдетте, препаратты қабылдау АҚК-ны толықтырғаннан және АҚ-ны арттырғаннан кейін жалғасуы мүмкін.

АҚ қалыпты немесе төмен ЖСЖ бар кейбір пациенттерде периндоприлдің әсері нәтижесінде АҚ қосымша төмендеуі орын алуы мүмкін. Бұл әсер болжамды және әдетте емді тоқтатуды қажет етпейді. Артериялық гипотензия симптомдарының дамуы кезінде дозаны төмендету немесе препаратты біртіндеп тоқтату немесе монотерапия түрінде оның жекелеген компоненттерін қолдану қажет болуы мүмкін.

Аса жоғары сезімталдық / ангионевроздық ісіну

Периндоприлді қоса, АӨФ тежегіштерімен ем қабылдаған пациенттерде беттің, аяқ-қолдың, еріннің, шырышты қабықтардың, тілдің, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінудің сирек жағдайлары хабарланды (4.8-бөлімді қараңыз.). Бұл құбылыстар емдеудің кез келген сәтінде дамуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Престилол препаратымен емдеуді дереу тоқтату керек. Бета-адреноблокаторлармен емдеуді жалғастыру керек. Пациент ісіну белгілері толығымен жойылғанша бақылауда болуы керек. Ісіну тек бет пен ерінге әсер ететін

жағдайларда, жағдай әдетте емделусіз басылады, дегенмен симптомдарды жеңілдету үшін антигистаминдік дәрілер қолданылуы мүмкін.

Көмейдің ісінуімен бірге жүретін ангионевроздық ісіну өлімге әкелуі мүмкін. Тілдің, дауыстық қатпарлардың немесе көмейдің ісінуі тыныс алу жолдарының обструкциясына әкелуі мүмкін. Мұндай симптомдар пайда болған кезде шұғыл ем, оның ішінде эпинефринді (адреналинді) тері астына енгізу және/немесе тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету талап етіледі. Пациент симптомдар толық және тұрақты жоғалып кеткенше медициналық қадағалауда болуы тиіс. Егер пациентте анамнезінде АӨФ тежегішімен емдеумен байланысты емес ангионевроздық ісіну көрсетілсе, онда АӨФ тежегішін қабылдау аясында ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғарылауы мүмкін (4.3-бөлімді қараңыз.).

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерімен ем қабылдаған пациенттерде ішектің ангионевроздық ісінудің дамуы сипатталған. Бұл ретте пациенттерде іштің ауыруы оқшауланған симптом ретінде немесе жүрек айнуымен және құсумен үйлесімде, кейбір жағдайларда беттің алдыңғы ангионевроздық ісінусіз және эстеразаның С-1 қалыпты деңгейінде байқалды. Диагноз құрсақ қуысының компьютерлік томографиясы, ультрадыбыстық зерттеу немесе хирургиялық араласым арқылы жасалады. АӨФ тежегіштерін қабылдауды тоқтатқаннан кейін симптомдар жойылды. Сондықтан, АӨФ тежегіштерін алатын іш аумағындағы ауыруы бар пациенттерде дифференциациялық диагностика жүргізу кезінде ішектің ангионевроздық ісінудің даму мүмкіндігін ескеру қажет.

Валсартан+сакубитрил біріктірілімі

Ангионевроздық ісінудің даму қаупінің жоғары болуына байланысты периндоприлді валсартан+сакубитрил біріктірілімімен бір мезгілде қолдануға болмайды (4.3-бөлімді қараңыз.). Валсартан+сакубитрил біріктірілімін периндоприлдің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте қолдануға болмайды. Периндоприлді валсартан+сакубитрил біріктірілімін соңғы қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте қолдануға болмайды (4.3 және 4.5 бөлімдерді қараңыз). АӨФ тежегіштерін NEP тежегіштерімен (мысалы, рацекадотрилмен), mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қолданғанда ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін (мысалы, тыныс алу жолдарының немесе тілдің ісінуі, онымен қатар жүретін немесе қатар жүрмейтін тыныс алу функциясының бұзылуы) (4.5-бөлімін қараңыз). Рацекадотрил, mTOR тежегіштерін (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус) және глиптиндерді (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) АӨФ тежегіштерін қабылдаған пациенттерге тағайындағанда сақ болу керек.

Бауыр жеткіліксіздігі

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында фульминантты бауыр некрозына көшумен, кейде өліммен аяқталатын холестаздық сарғаю синдромы байқалады. Бұл синдромның даму механизмі түсініксіз. Сарғаю дамыған немесе бауыр ферменттері белсенділігінің елеулі жоғарылаған АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттер АӨФ тежегішін қабылдауды тоқтатуы және тиісті медициналық бақылауда болуы тиіс (4.8-бөлімді қараңыз).

Этникалық айырмашылықтар

Негроидты нәсілді пациенттерде АӨФ тежегіштері басқа нәсілдердің өкілдері болып табылатын пациенттерге қарағанда ангионевроздық ісінуді жиі туындатады.

Басқа АӨФ тежегіштері сияқты, периндоприл негроидты нәсіл өкілдері басқа нәсілдердің өкілдеріне қарағанда АҚ төмендетуде аз тиімді болуы мүмкін, бұл артериялық гипертензиясы бар негроидты нәсілді пациенттерде төмен тамырлы жағдайлардың жоғары таралуына байланысты болуы мүмкін.

Жөтел

АӨФ тежегіштерін қолданғанда жөтел пайда болуы мүмкін. Жөтел құрғақ, басылмайтын және емді тоқтатқаннан кейін басылады. Мұны жөтелдің дифференциациялық диагнозын жасау кезінде ескеру керек.

Гиперкалиемия

Периндоприлді қоса, АӨФ тежегіштерін қабылдайтын кейбір пациенттерде қан сарысуындағы калий концентрациясының жоғарылауы байқалды. АӨФ тежегіштері гиперкалиемияны тудыруы мүмкін, өйткені олар альдостеронның бөлінуін тежейді. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде бұл әсер әдетте клиникалық тұрғыдан аз болады. Гиперкалиемия дамуының қауіп факторлары бүйрек жеткіліксіздігін, бүйрек функциясының нашарлауын, 70 жастан үлкен жасты, қант диабетін, кейбір қатарлас жай-күйлерді (дегидратация, жүрек қызметінің жедел декомпенсациясы, метаболизмдік ацидоз) және калий сақтайтын диуретиктерді (мысалы, спиронолактон, эплеренон, триамтерен немесе амилорид сияқты), калий препараттары немесе құрамында калий бар ас тұзы/тағамдық қоспаларды алмастырғыштарды қатар қолдануды қамтиды. Қан сарысуындағы калий деңгейінің жоғарылауына ықпал ететін басқа препараттарды (мысалы, гепарин, котримоксазол (триметоприм мен сульфаметоксазолдың бекітілген біріктірілімі) және әсіресе альдостерон немесе АРА II антагонистерін қабылдайтын пациенттер де қауіпке ұшырайды. Калий препараттарын, калий сақтайтын диуретиктерді немесе құрамында калий бар тұз/тағамдық қоспаларды алмастырғыштарды, әсіресе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде қолдану қан сарысуындағы калий концентрациясының едәуір жоғарылауына әкелуі мүмкін. Гиперкалиемия жүрек ырғағының ауыр, кейде өлімге әкелуі мүмкін. Калий сақтайтын диуретиктер мен АРА II АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде сақтықпен қолданылуы керек, қан сарысуындағы калий деңгейін және бүйрек қызметін бақылау керек. Егер жоғарыда көрсетілген құралдарды бір мезгілде қолдану қажет болса, оларды қан сарысуындағы калий мөлшерін тұрақты бақылау аясында сақтықпен қолдану керек ("Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі" бөлімін қараңыз).

Литий препараттары

Периндоприл мен литий препараттарын бір мезгілде қолдану ұсынылмайды (4.5-бөлімді қараңыз).

Калий сақтайтын диуретиктер, калий препараттары, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар және тағамдық қоспалар

Периндоприл мен калий сақтайтын диуретиктерді, сондай-ақ калий препараттарын, құрамында калий бар ас тұзы алмастырғыштарын және тағамдық қоспаларды бір мезгілде қолдану ұсынылмайды (4.5-бөлімді қараңыз).

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің қосарлы блокадасы

АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II немесе алискирен рецепторларының блокаторларын бір мезгілде қолдану артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуы (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) қауіпін арттыратынын көрсететін деректер бар. Осылайша, АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын немесе алискиренді бір мезгілде қолдану арқылы РААЖ қосарлы блокадасы ұсынылмайды (4.5 және 5.1-бөлімдерді қараңыз). Егер қосарлы блокада емі өте қажет деп танылса, оны тек қатаң медициналық бақылауда және бүйрек функциясының, қандағы электролиттердің және АҚ тұрақты бақылауында жүргізу керек.

АӨФ тежегіштерін диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларының блокаторларымен бірге қолдануға болмайды.

Митральді стеноз / аортальді стеноз / гипертрофиялық кардиомиопатия

Басқа АӨФ тежегіштеріндегідей, периндоприлді митральді клапан стенозы және сол жақ қарыншаның шығу жолының обструкциясы бар пациенттерге, мысалы, аортальді клапан стенозы кезінде немесе гипертрофиялық кардиомиопатия кезінде сақтықпен тағайындау керек.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйрек функциясы бұзылған жағдайда Престилол препаратының күнделікті дозасы креатинин клиренсіне байланысты таңдалады (4.2-бөлімді қараңыз). Бұл пациенттер үшін қандағы калий мен креатинин концентрациясын стандартты бақылау әдеттегі емдік практиканың бір бөлігі болып табылады (4.8-бөлімді қараңыз).

Жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық айқын симптомдары бар пациенттерде АӨФ тежегіштерімен емдеуді бастау нәтижесінде артериялық гипотензия бүйрек функциясының одан әрі нашарлауына әкелуі мүмкін. Жедел бүйрек жеткіліксіздігі туралы хабарланды, ол әдетте қайтымды болды.

АӨФ тежегіштерімен ем қабылдаған бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жалғыз бүйрек артериясының стенозы бар кейбір пациенттерде әдетте ем тоқтатылғанда өтетін қан сарысуындағы мочеви́на мен креатинин деңгейінің жоғарылауы байқалды. Бұл әсер бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде жиі байқалды. Реноваскулярлық гипертензияның қосымша болуы мұндай пациенттерде ауыр артериялық гипотензия мен бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупінің жоғарылауын туындатады. Мұндай пациенттерде емдеуді дәрігердің мұқият қадағалауымен және дозаны абайлап титрлей отырып, төмен дозалардан бастаған жөн. Диуретиктермен емдеу жоғарыда сипатталған құбылыстардың дамуына өз үлесін қосуы мүмкін болғандықтан, диуретиктерді уақытша тоқтатып, емнің алғашқы апталарында бүйрек функциясына мониторинг жүргізу керек. Бүйрек тамырларының зақымдану белгілерінсіз артериялық гипертензиясы бар кейбір пациенттерде қан сарысуындағы мочеви́на мен креатинин концентрациясының жоғарылауы, әдетте, шамалы және өтпелі, әсіресе периндоприл мен диуретикті бір мезгілде тағайындағанда байқалды. Анамнезінде бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде мұндай құбылыстардың дамуы анағұрлым ықтимал. Дозаны төмендету және/немесе диуретикті және / немесе периндоприлді тоқтату қажет болуы мүмкін.

Реноваскулярлық гипертензия

Бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе АӨФ тежегіштерімен ем аясында жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде артериялық гипотензияның және бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупі артады (4.3-бөлімді қараңыз). Диуретиктерді қолдану қосымша қауіп факторы болуы мүмкін. Бүйрек функциясының нашарлауы қан сарысуындағы креатинин концентрациясының шамалы өзгеруімен, тіпті бүйрек артериясының біржақты стенозы бар пациенттерде де байқалуы мүмкін.

Бүйрек трансплантациясы

Бұрын трансплантацияланған бүйрегі бар пациенттерде периндоприл аргининімен емдеу тәжірибесі жоқ.

Гемодиализдегі пациенттер

АӨФ тежегішін алған жоғары ағымды жарғақшаларды қолдана отырып гемодиализден өтетін пациенттерде анафилактоидты реакциялардың даму жағдайлары байқалды. Мұндай пациенттерге басқа кластағы гипотензивті препаратты тағайындау немесе басқа типтегі диализді жарғақшаны пайдалану керек.

Тығыздығы төмен липопротеиндердің аферезін жүргізу кезіндегі анафилактоидты реакциялар

АӨФ тежегіштерін алатын пациенттерде декстран сульфатын қолдана отырып, ТТЛП аферез емшарасын жүргізу кезінде өмірге қауіп төндіретін анафилактоидты реакциялардың дамуы сирек байқалды. Бұл реакцияларды аферездің әрбір емінің алдында АӨФ тежегішімен емдеуді уақытша тоқтату жолымен болдырмауға болады.

Десенсибилизация кезіндегі анафилактоидты реакциялар

Десенсибилизациялайтын ем кезінде АӨФ тежегіштерін (мысалы, жарғаққанаттылар жәндіктерінің уымен) алатын пациенттерде анафилактоидты реакциялар байқалды. Мұндай реакцияларды АӨФ тежегішін уақытша тоқтату жолымен болдырмауға болады, бірақ емдеуді кездейсоқ қайта бастаған кезде реакциялар қайтадан дамуы мүмкін. Басқа бета-адреноблокаторлар сияқты, биспролол аллергияларға сезімталдықты да, анафилаксиялық реакциялардың ауырлық дәрежесін де арттыруы мүмкін. Эпинефринмен (адреналин) емдеу әрдайым күтілетін емдік әсер бермейді.

Нейтропения/агранулоцитоз/тромбоцитопения/анемия

АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде нейтропения/агранулоцитоз, тромбоцитопения және анемия жағдайлары сипатталған. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде және басқа да ауырлататын факторлар болмаған кезде нейтропения сирек дамиды. Периндоприлді иммунодепрессанттар, аллопуринол немесе прокаинамид қабылдайтын дәнекер тіннің жүйелі аурулары бар пациенттерде немесе осы қауіп факторлары үйлескен кезде, әсіресе анамнезде бүйрек функциясының бұзылуы болған кезде ерекше сақтықпен қолданған жөн. Мұндай пациенттердің кейбіреулерінде ауыр инфекциялар пайда болды, кейбір жағдайларда антибиотиктермен қарқынды

ем мүмкін емес. Периндоприлді осындай пациенттерге тағайындаған кезде қандағы лейкоциттердің құрамына мерзімді бақылау жүргізу және пациенттерге дәрігерге инфекциялық аурулардың кез келген белгілері (мысалы, тамақтың ауыруы, қызба) туралы хабарлау қажеттігі туралы нұсқау беру ұсынылады.

Анестезия

Ауқымды операциялар жүргізу немесе артериялық гипотензияны туындататын анестезияға арналған дәрілерді қолдану жоспарланған пациенттерде периндоприлді қолдану рениннің компенсаторлық босап шығуы аясында ангиотензин II түзілуін бөгеуі мүмкін. Емдеуді операциядан бір тәулік бұрын тоқтату керек. Көрсетілген тетік бойынша артериялық гипотензия дамыған кезде АҚК-ны толықтыру жолымен АҚ қолдау керек.

Бастапқы гиперальдостеронизм

Бастапқы гиперальдостеронизмі бар пациенттер, әдетте, әсері РААЖ тежелуіне негізделген гипертензияға қарсы препараттарға сезімтал емес. Осылайша, мұндай пациенттерде осы дәрілік препаратты қолдану ұсынылмайды.

Жүктілік

АӨФ тежегіштерімен емдеу қажет деп танылған жағдайларды қоспағанда, жүктілікті жоспарлаушыларға жүктілік кезінде қолдану үшін қауіпсіздік бейіні белгіленген баламалы гипотензивті дәріні тағайындау керек. Жүктілік анықталған кезде АӨФ тежегіштерімен емдеуді дереу тоқтатып, қажет болса, баламалы гипотензиялық ем тағайындау керек (4.3 және 4.6 бөлімдерді қараңыз).

Қосымша заттар

Престилол дәрілік препаратының құрамындағы натрийдің мөлшері бір таблеткаға 1 ммольден аз (23 мг) натрий бар, яғни шын мәнінде құрамында натрий жоқ.

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа да түрлері

Дені сау еріктілердің қатысуымен жүргізілген зерттеулерде бисопролол мен периндоприл арасындағы өзара әрекеттесу байқалмады. Төменде басқа препараттармен өзара әрекеттесу туралы ақпарат берілген *Ангиневроздық ісінудің даму қаупін арттыратын дәрілік препараттар*: АӨФ тежегіштерін валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдануға болмайды, себебі бұл ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттырады (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз). Валсартан + сакубитрил біріктірілімін периндоприлдің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте қабылдауға болмайды. Периндоприлді қабылдау валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте емес мүмкін (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

АӨФ тежегіштерін ракекадотрилмен, mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қолдану ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттыруы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз).

Гиперкалиемияны тудыратын дәрілік препараттар: қан сарысуындағы калий деңгейі әдетте қалыпты шектерде қалса да, Престилол қабылдаған кейбір пациенттерде гиперкалиемия дамуы мүмкін.

Кейбір дәрілік препараттар мен препараттардың сыныптары гиперкалиемияның даму қаупін арттыруы мүмкін: алискирен, калий тұздары, калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, спиронолактон, триамтерен, АРА II, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП), гепариндер, иммуносупрессанттар (мысалы, циклоспорин немесе такролимус), триметоприм және ко-тримоксазол (сульфаметоксазол + триметоприм), өйткені триметоприм калий сақтайтын диуретик сияқты амилорид ретінде әрекет ететіні белгілі. Осы препараттардың біріктірілімі гиперкалиемияның даму қаупін арттырады. Сондықтан Престилол препаратын жоғарыда аталған

дәрілік препараттармен бірге қолдану ұсынылмайды. Егер бірге қолдану көрсетілсе, оларды сақтықпен және қан сарысуындағы калий деңгейін жиі бақылауда қолдану керек.

Бірге қолдануға болмайды (4.3-бөлімін қараңыз):

Алискирен: Престилол және алискирен препаратын бірге қолдану қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерге қарсы көрсетілген, өйткені гиперкалиемияның даму, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қантамыр аурушандығы мен өлім-жітім жиілігінің арту қаупі бар.

Экстракорпоралдық емдеу әдістері: Диализ немесе гемофльтрация сияқты кейбір жоғары ағынды жарғақшаларды (мысалы, полиакрилонитрилді жарғақшалар) және декстран сульфатын қолдана отырып, төмен тығыздықтағы липопротеиндердің аферезі сияқты теріс зарядталған беткейлермен қанның жанасуына әкелетін экстракорпоралды емдеу ауыр анафилактоидты реакциялардың пайда болу қаупінің жоғарылауына байланысты қарсы көрсетілімді болып табылады (4.3-бөлімді қараңыз). Егер мұндай емдеу қажет болса, диализдік жарғақшаның басқа түрін пайдалану немесе гипертензияға қарсы препараттардың басқа класын қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

Бірге қолдану ұсынылмайды:

Бисопрололға байланысты:

Клонидин және басқалар сияқты орталық әсер ететін гипотензивті дәрілер (мысалы, метилдопа, моксонидин, рилменидин): орталықтан әсер ететін гипотензивті дәрілерді бірге қолдану орталық симпатикалық тонустың төмендеуі есебінен жүрек жеткіліксіздігі ағымының нашарлауына әкелуі мүмкін (жүрек соғу жиілігінің және жүректік лықсудың төмендеуі, қантамырлардың кеңеюі). Емді күрт тоқтату, әсіресе бета-адреноблокатор дозасының төмендеуіне дейін, "рикошеттік" артериялық гипертензияның даму қаупін арттыруы мүмкін.

I класының аритмияға қарсы дәрілері (мысалы, хинидин, дизопирамид, лидокаин, фенитоин, флекаинид, пропафенон): бірге қолдану атриовентрикулярлық өткізгіштікке әсер етуі мүмкін, сонымен қатар теріс инотропты әсерді күшейтеді.

"Баяу" кальций өзекшелерінің блокаторлары (верапамил және аз дәрежеде дилтиазем): Жиырылу қабілеті мен атриовентрикулярлық өткізгіштікке теріс әсер етеді. Бета-адреноблокаторлар алатын пациенттерге верапамилді вена ішіне енгізу айқын артериялық гипотензияға және атриовентрикулярлық блокадаға әкелуі мүмкін.

Финголимод: финголимод бета-адреноблокаторлардың теріс хронотропты әсерін күшейтіп, айқын брадикардияға әкелуі мүмкін. Финголимод пен бисопрололды бірге қолдану ұсынылмайды. Финголимодты және Престилол препаратын бір мезгілде қолдану қажет болған жағдайда пациенттің жай-күйін мұқият бақылау талап етіледі. Стационар жағдайында біріктірілген емді бастау және тиісті мониторингті жүзеге асыру ұсынылады (жүрек жиырылуының жиілігіне ұзақ уақыт бақылау, ең болмағанда, финголимодты және Престилол препаратын бір мезгілде бірінші қолданғаннан кейін келесі күні таңертеңге дейін көрсетілген).

Периндоприлге байланысты:

Алискирен: қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ пациенттерде гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы, жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан жағымсыз құбылыстардың даму жиілігінің жоғарылауы және жүрек-қантамыр ауруларынан болатын өлім қаупі артады.

АӨФ тежегіштерімен және АРА II біріктірілген ем:

Клиникалық зерттеулердің деректері АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын (АРА II) немесе алискиренді біріктіріп қолдану жолымен ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қосарлы блокадасы РААЖ-ға әсер ететін бір ғана препаратты қолданумен салыстырғанда артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының төмендеуі (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса алғанда) сияқты жағымсыз құбылыстардың жоғары даму жиілігімен байланысты екенін көрсетті (4.3, 4.4 және 5.1-бөлімдерді қараңыз).

Әдебиеттерде атеросклерозы, жүрек жеткіліксіздігі немесе нысана-ағзалары зақымданған қант диабеті расталған пациенттерде АӨФ тежегіші мен ангиотензин рецепторлары блокаторын бір мезгілде қолдану РААЖ әсер ететін бір ғана препаратты қолданумен салыстырғанда артериялық

гипотензияның, естен танудың, гиперкалиемияның жоғары даму жиілігімен және бүйрек функциясының нашарлауымен (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) байланысты болған кездегі жағдайлар сипатталған. Қосарлы блокада (мысалы, АӨФ тежегіші мен ангиотензин II рецепторларының антагонисі біріктірілімі арқылы) бүйрек функциясының, калий деңгейінің және артериялық қысымның мұқият мониторингімен бірлі-жарым жағдайлармен шектелуі тиіс.

Эстрамустин: ангионевроздық ісіну сияқты жағымсыз құбылыстардың даму жиілігінің жоғарылау қаупі бар.

Калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид), калий тұздары: гиперкалиемия (мүмкін өліммен аяқталуы мүмкін), әсіресе бүйрек жеткіліксіздігімен (гиперкалиемиямен байланысты қосымша әсерлер) дамуы мүмкін. Периндоприлді және жоғарыда көрсетілген дәрілік препараттарды бірге қолдану ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз). Егер бір мезгілде қолдану қажет болған жағдайда, оларды сақтық шараларын сақтай отырып және қан сарысуындағы калий мөлшерін тұрақты бақылай отырып қолдану керек. Жүрек жеткіліксіздігінде спиронолактонды қолдану туралы ақпарат бұдан әрі мәтін бойынша сипатталған.

Литий препараттары: литий препараттары мен АӨФ тежегіштерін бірге қолданғанда қандағы литий концентрациясының қайтымды жоғарылауы және осыған байланысты уытты әсерлер сипатталған. Периндоприлді литий препараттарымен бірге қолдану ұсынылмайды, бірақ егер мұндай комбинацияны қолдану қажет деп танылса, қан сарысуындағы литий концентрациясын мұқият бақылау қажет.

Ерекше сақтықты талап ететін бірге қолдану:

Бисопролол мен периндоприлге байланысты:

Гипогликемиялық дәрілер (инсулиндер, пероральді қолдануға арналған гипогликемиялық дәрілер): эпидемиологиялық зерттеулер негізінде АӨФ тежегіштерін гипогликемиялық дәрілермен (инсулиндер, пероральді қолдануға арналған гипогликемиялық дәрілер) бір мезгілде қолдану гипогликемияның даму қаупі бар гипогликемиялық әсерді күшейтуі мүмкін деп болжауға болады. Бұл құбылыстың дамуы біріктірілген емнің алғашқы апталарында, сондай-ақ бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде орын алуы мүмкін. Бисопрололды инсулинмен және пероральді гипогликемиялық дәрілермен бірге қолдану гипогликемиялық әсердің күшеюін туындатуы мүмкін. Бета-адренорецепторлардың блокадасы гипогликемия симптомдарын бүркемелеуі мүмкін.

Қабынуға қарсы стероидты емес дәрілік препараттар (тәулігіне ≥ 3 г дозада ацетилсалицил қышқылын қоса): АӨФ және ҚҚСП тежегіштерін (қабынуға қарсы әсері бар дозада ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) бірге қолданған кезде бисопролол мен периндоприлдің гипертензияға қарсы әсерінің әлсіреуі мүмкін.

Бұдан басқа, АӨФ және ҚҚСП тежегіштерін бірге қолдану бүйрек функциясының нашарлау қаупінің жоғарылауына, соның ішінде жедел бүйрек жеткіліксіздігінің даму мүмкіндігіне, сондай-ақ қан сарысуындағы калий мөлшерінің артуына, әсіресе бүйрек функциясы бастапқы төмендеген пациенттерде әкелуі мүмкін. Мұндай біріктірілімді, әсіресе егде жастағы пациенттерге сақтықпен тағайындау керек. Пациенттер сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін алуы тиіс, біріктірілген емнің басында да, емдеу процесінде де бүйрек функциясын бақылау ұсынылады.

Гипотензивті және тамыр кеңейтетін дәрілер: гипотензивті және тамыр кеңейтетін дәрілерді (нитроглицерин, басқа нитраттар немесе басқа тамыр кеңейтетін дәрілер сияқты) немесе АҚ төмендететін басқа препараттарды (мысалы, трициклді антидепрессанттар, барбитураттар, фенотиазиндер) бір мезгілде қолдану периндоприл мен бисопрололдың гипертензияға қарсы әсерін күшейтуі мүмкін.

Трициклді антидепрессанттар/психозға қарсы дәрілер/ жалпы анестезия: АӨФ тежегіштерін кейбір анестетиктермен, трициклді антидепрессанттармен және психозға қарсы дәрілермен бір мезгілде қолдану артериялық қысымның қосымша төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бисопролол мен анестетиктерді бір мезгілде қолдану рефлекторлық тахикардияның төмендеуіне және артериялық гипотензия қаупінің артуына әкелуі мүмкін.

Симпатомиметиктер: бисопролол мен бета-симпатомиметиктерді (мысалы, добутамин) бірге қолдану екі препараттың да әсерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бета және альфа-адренорецепторларды белсендіретін симпатомиметиктер (мысалы, норэпинефрин, эпинефрин): бисопрололмен біріктіру осы препараттардың альфа-адренорецепторлармен делдал болған вазоконстрикторлық әсерін анықтай алады, бұл артериялық қысымның жоғарылауына және мезгіл-мезгіл ақсақтықтың жоғарылауына әкелуі мүмкін. Мұндай өзара әрекеттесулер селективті емес бета-блокаторларға тән.

Симпатомиметиктер АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін төмендетуі мүмкін.

Бисопрололға байланысты:

Фелодипин және амлодипин сияқты дигидропиридин қатарындағы "баяу" кальций өзекшелерінің блокаторлары: бір мезгілде қолдану гипотензия қаупін арттыруы мүмкін, сондай-ақ жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде жүрек қарыншаларының сорғы функциясының одан әрі нашарлауы жоққа шығарылмайды.

III класының аритмияға қарсы дәрілері (мысалы, амиодарон): атриовентрикулярлық өткізгіштікке әсер етуі мүмкін.

Парасимпатомиметиктер: бірге қолдану атриовентрикулярлық өткізгіштікті төмендетуі және брадикардияның даму қаупін арттыруы мүмкін.

Жергілікті әсер ететін бета-адреноблокаторлар (мысалы, глаукоманы емдеуге тағайындалатын көзге тамызатын дәрілер): бірге қолданған кезде бисопрололдың жүйелік әсерінің күшеюі мүмкін.

Оймақгүл препараттары: жүректің жиырылу жиілігінің төмендеуі, атриовентрикулярлық өткізгіштіктің баяулауы.

Периндоприлге байланысты:

Баклофен: гипертензияға қарсы әсердің жоғарылауы. АҚ деңгейін мұқият бақылап, қажет болған жағдайда гипотензивті препараттың дозасын түзету керек.

Калий сақтайтын диуретиктер: диуретиктер алатын пациенттерде, әсіресе айналымдағы қан және/немесе тұз көлемі төмен адамдарда АӨФ тежегішімен емнің басында АҚ шамадан тыс төмендеуі байқалуы мүмкін. Гипотензивті әсерлердің пайда болу ықтималдығы диуретиктермен емдеуді тоқтату, айналымдағы қан көлемін толықтыру (АҚК) немесе периндоприлмен емдеу басталғанға дейін тұзды тұтынуды арттыру, сондай-ақ периндоприлді біртіндеп ұлғайта отырып, төмен дозада тағайындау арқылы төмендеуі мүмкін.

Артериялық гипертензия кезінде, диуретиктермен алдыңғы ем айналымдағы қан/тұз көлемінің төмендеуіне әкелуі мүмкін болған кезде, АӨФ тежегішімен емдеуді бастар алдында диуретикті тоқтату (бұл жағдайда калийді сақтайтын диуретик кейіннен қайтадан тағайындалуы мүмкін) немесе АӨФ тежегішімен емді төмен дозада, кейіннен оны біртіндеп арттыра отырып бастау қажет. Диуретиктермен ем қабылдайтын СЖЖ бар пациенттерде АӨФ тежегішімен емдеуді өте төмен дозалардан және мүмкіндігінше бір мезгілде қолданылатын калий сақтайтын диуретиктің дозасын төмендеткеннен кейін бастаған жөн.

Барлық жағдайларда АӨФ тежегішімен емнің алғашқы бірнеше аптасы ішінде бүйрек функциясын (креатинин деңгейін) бақылау талап етіледі.

Калий сақтайтын диуретиктер (эплеренон, спиронолактон): эплеренонды немесе спиронолактонды тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг-ға дейінгі дозаларда және төмен дозаларда АӨФ тежегіштерін қабылдаған кезде: лықсу фракциясы <40% NYHA жіктеуі бойынша II – IV функционалдық класты жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерді және АӨФ тежегіштерімен және ілмекті диуретиктермен бұрын жүргізілген емді емдеу кезінде, әсіресе препараттардың осы комбинациясына қатысты белгіленген ұсынымдар сақталмаған кезде гиперкалиемияның даму қаупі бар (өлімге әкелуі мүмкін).

Біріктірілген емді бастар алдында гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылғанына көз жеткізу керек. Қандағы креатинин мен калий концентрациясын үнемі бақылау ұсынылады: апта сайын емдеудің бірінші айында және ай сайын емдеу процесінде.

Назар аударуды қажет ететін дәрілік заттардың біріктірілімі:

Бисопрололға байланысты:

Мефлохин: брадикардия даму қаупінің жоғарылауы.

Моноаминоксидаза (МАО) тежегіштері (B типті МАО тежегіштерін қоспағанда): бета-адреноблокаторлардың гипертензияға қарсы әсерінің жоғарылауы, бірақ гипертониялық криз қаупі де бар.

Қастауыш алкалоидтары: гидратталмаған қастауыш алкалоидтары шеткері қанайналымы бұзылыстарының даму қаупін арттырады. Эрготамин шеткері қанайналымының бұзылу қаупін арттырады.

Фармакокинетикалық өзара әрекеттесуі: рифампин метаболизмдік клиренсті арттырады және бисопрололдың жартылай шығарылу кезеңін қысқартады. Әдетте дозаны түзету қажет емес. Бисопрололды бауырдың микросомальді тотығуы изоферменттерінің индукторларымен бір мезгілде қолданған кезде сақ болу керек.

СYP3A4 изоферментінің тежегіштерімен бір мезгілде қолданғанда қан плазмасындағы бисопролол концентрациясының артуы және СYP3A4 индукторларымен бір мезгілде қолданғанда оның төмендеуі мүмкін. Бисопролол СYP3A4 және, мүмкін, СYP2D6 изоферментінің қатысуымен метаболизденетін препараттардың қан плазмасындағы концентрациясын арттыруы мүмкін.

Фармакокинетикалық зерттеулерде бисопрололдың тиазидті диуретиктермен, дигоксинмен және циметидинмен өзара әрекеттесуі анықталған жоқ. Бисопролол варфариннің тұрақты дозасын қабылдайтын пациенттерде протромбин уақытына әсер етпейді.

Периндоприлге байланысты:

Алтын препараттары: периндоприлді қоса алғанда, АӨФ тежегішімен бір мезгілде инъекциялық алтын препараттарын (натрий ауриотиомалаты) алатын пациенттерде сирек жағдайларда нитритоидты реакциялардың (қанның бетке тебуі, жүрек айнуы, құсу және артериялық гипотензия) дамуы сипатталған.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Осы біріктірілімнің жекелеген компоненттерінің әсерін ескере отырып, Престилол препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды.

Бисопролол

Бисопролол жүктілік барысына және/немесе шарананың/жаңа туған нәрестенің жағдайына теріс әсер етуі мүмкін фармакологиялық әсерлерге ие (шарана өсуінің кешеуілдеуімен, шарананың құрсақшілік өлімімен, жүктіліктің тоқтатылуымен немесе мерзімінен бұрын босанумен қатар жүретін плацентарлы қан ағымының төмендеуі, сондай-ақ ұрықта немесе жаңа туған нәрестеде жағымсыз құбылыстар (мысалы, гипогликемия және брадикардия)). Егер бета-адреноблокаторлармен ем қажет болса, онда бұл жағдайда бета₁-адреноблокаторларға артықшылық беру керек. Бисопрололды жүктілік кезінде қолдануға болмайды, егер бұл үшін абсолютті көрсетілімдер болмаса. Егер бисопрололмен емдеу қажет деп танылса, жатыр-плацентарлы қан ағымына және шарананың өсуіне мониторинг жүргізу керек. Егер жүктілік барысына немесе шарананың дамуына жағымсыз әсер пайда болса, емдеудің баламалы нұсқаларын қарастырған жөн. Жаңа туған нәрестеге мұқият мониторинг жүргізілуі керек.

Гипогликемия және брадикардия симптомдарының басталуын әдетте өмірдің алғашқы 3 күнінде күтуге болады.

Периндоприл

Қазіргі уақытта жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде тератогендік қауіп туралы бұлтартпайтын эпидемиологиялық деректер жоқ. Алайда шарана дамуының бұзылу қаупінің шамалы өсуін жоққа шығаруға болмайды. Жүктілікті жоспарлайтын пациенттерге жүктілік кезінде қолдану үшін қауіпсіздік бейіні белгіленген баламалы гипотензивті дәріні тағайындау керек. Жүктілік белгіленген кезде АӨФ тежегіштерімен емдеуді дереу тоқтатып, қажет болса, баламалы

гипотензиялық ем тағайындау керек.

Жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі АӨФ тежегішімен емдеу адамның шаранасына фетоуытты әсер етуі мүмкін (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамнион, бассүйек сүйектері оссификациясының кідіруі) және жаңа туған нәрестеде асқынулардың дамуына әкелуі мүмкін (бүйрек жеткіліксіздігі, артериялық гипотензия, гиперкалиемия). Жүктіліктің екінші және үшінші триместрінде АӨФ тежегіштері әсер еткен жағдайда, бүйрек функциясын және шарананың бассүйек сүйектерінің жағдайын бағалау үшін ультрадыбыстық зерттеу жүргізу ұсынылады.

Аналары жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін алған жаңа туған нәрестелер артериялық гипотензияның даму қаупіне байланысты мұқият медициналық бақылауда болуы тиіс (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

Лактация

Престилол препараты бала емізу кезеңінде қарсы көрсетілген. Бисопрололдың адамда емшек сүтімен бөлінетіні белгісіз. Бала емізу кезеңінде периндоприлді қолдануға қатысты ақпараттың болмауына байланысты оны қабылдау қарсы көрсетілімді. Бала емізу кезеңінде, әсіресе жаңа туған немесе шала туылған нәрестелерді тамақтандыру кезінде қауіпсіздік бейіні көбірек зерттелген басқа препараттарды қолдану ұсынылады.

Фертильділік

Престилол препаратының репродуктивті функцияға әсері туралы клиникалық деректер жоқ.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал етуі

Престилол препараты көлік құралын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне тікелей әсер етпейді, бірақ кейбір пациенттерде, әсіресе емдеудің басында немесе препаратты ауыстыру кезінде, сондай-ақ алкогольмен қабылдау кезінде төмен артериялық қысыммен байланысты жеке реакциялар дамуы мүмкін.

Нәтижесінде көлік құралын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілеті бұзылуы мүмкін.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейіні түйіндемесі

Бисопрололды қабылдаған кезде жиі кездесетін жағымсыз реакцияларға бас ауыруы, бас айналу, жүрек жеткіліксіздігінің нашарлауы, артериялық гипотензия, аяқ-қолдың салқындау сезімі, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, диарея, іш қату, астения және қатты қажу жатады.

Клиникалық зерттеулерде хабарланған периндоприлді қабылдау кезінде жиі кездесетін жағымсыз реакцияларға бас ауыруы, бас айналу, вертиго, парестезия, көрудің бұзылуы, құлақтың зыңылдауы, артериялық гипотензия, жөтел, енгігу, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, диарея, іш қату, дисгевзия, диспепсия, терінің қышынуы, тері бөртпесі жатады, бұлшықеттің түйілуі және астения.

Клиникалық зерттеулер кезінде және/немесе тіркеуден кейінгі кезеңде бисопрололды немесе периндоприлді бөлек қабылдау кезінде хабарланған жағымсыз құбылыстардың жиілігін белгілеу үшін мынадай жіктеу пайдаланылады:

Өте жиі ($\geq 1/10$ жағдай)

Жиі ($\geq 1/100, < 1/10$)

Жиі емес ($\geq 1/1000, < 1/100$)

Сирек ($\geq 1/10000, < 1/1000$)

Өте сирек ($< 1/10000$)

Жиілік белгісіз (қол жетімді мәліметтер негізінде жиілікті анықтау мүмкін емес).

Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

MedDRA ағзаларының кластары мен жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілік	
		Бисопролол	Периндоприл
Инфекциялар мен инвазиялар	Ринит	Сирек	Өте сирек
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	-	Жиі емес*
	Агранулоцитоз (4.4-бөлімді қараңыз.)	-	Өте сирек
	Панцитопения	-	Өте сирек
	Лейкопения	-	Өте сирек
	Нейтропения (4.4-бөлімді қараңыз.)	-	Өте сирек
	Тромбоцитопения (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Туа біткен глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа жеткіліксіздігі (Г-6-ФДГ) бар пациенттердегі гемолитикалық анемия	-	Өте сирек
Эндокриндік жүйе тарапынан бұзылулар	Антидиурездік гормонның адекватты емес секреция синдромы (АДГ АеСС)	-	Сирек
Метаболизм мен тамақтанудың бұзылуы	Гипогликемия (4.4 және 4.5-бөлімдерді қараңыз)	-	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатқаннан кейін қайтымды гиперкалиемия	-	Жиі емес*
	Гипонатриемия	-	Жиі емес*
Психикалық бұзылулар	Көңіл-күйдің бұзылуы	-	Жиі емес
	Ұйқының бұзылуы	Жиі емес	Жиі емес
	Депрессия	Жиі емес	Жиі емес
	Түнгі қорқыныштар, елестеулер	Сирек	-
	Сананың шатасуы	-	Өте сирек
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас ауыруы**	Жиі	Жиі
	Бас айналу**	Жиі	Жиі
	Вертиго	-	Жиі

MedDRA ағзаларының кластары мен жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілік	
		Бисопролол	Периндоприл
	Дисгевзия	-	Жиі
	Парестезия	-	Жиі
	Ұйқышылдық	-	Жиі емес*
	Естен тану	Сирек	Жиі емес*
Көру мүшелері тарапынан бұзылулар	Көру қабілетінің бұзылуы	-	Жиі
	Көз жасы бөлінуінің төмендеуі (жанаспалы линзаларды пайдаланатын пациенттерде ескеру)	Сирек	-
	Конъюнктивит	Өте сирек	-
Есту мүшелері және лабиринт тарапынан бұзылулар	Құлақтағы шуыл	-	Жиі
	Есту қабілетінің бұзылуы	Сирек	-
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жүрек соғуын сезіну	-	Жиі емес*
	Тахикардия	-	Жиі емес*
	Брадикардия	Өте жиі	-
	Жүрек жеткіліксіздігі ағымының нашарлауы	Жиі	-
	AV өткізгіштігінің бұзылуы	Жиі емес	-
	Аритмия	-	Өте сирек
	Стенокардия	-	Өте сирек
	Миокард инфарктісі жоғары қауіп тобындағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуі салдарынан болуы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
Қан тамырлары тарапынан бұзылулар	АҚ төмендеуі және оған байланысты әсерлер	Жиі	Жиі
	Аяқ-қолдың суынуын немесе жансыздануын сезіну	Жиі	-
	Ортостаздық гипотензия	Жиі емес	-
	Васкулит	-	Жиі емес*
	Ысынулар	-	Сирек*

MedDRA ағзаларының кластары мен жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілік	
		Бисопролол	Периндоприл
	Инсульт, жоғары қауіп тобындағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуі салдарынан болуы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Рейно синдромы	-	Жиілігі белгісіз
Тыныс алу жүйесі, кеуде қаңқасы және көкірек органдар тарапынан бұзылулар	Жөтел	-	Жиі
	Ентігу	-	Жиі
	Бронх түйілуі	Жиі емес	Жиі емес
	Эозинофильді пневмония	-	Өте сирек
Асқазан-ішек бұзылулары	Іштің ауыруы	Жиі	Жиі
	Іш қату	Жиі	Жиі
	Диарея	Жиі	Жиі
	Жүрек айнуы	Жиі	Жиі
	Құсу	Жиі	Жиі
	Диспепсия	-	Жиі
	Ауыз қуысы шырышты қабығының құрғауы	-	Жиі емес
	Панкреатит	-	Өте сирек
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Цитолитикалық немесе холестатикалық гепатит (4.4-бөлімді қараңыз)	Сирек	Өте сирек
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Тері бөртпесі	-	Жиі
	Тері қышынуы	-	Жиі
	Беттің, аяқ-қолдың, еріннің, шырышты қабықтың, тілдің, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуі (4.4-бөлімін қараңыз)	-	Жиі емес
	Есекжем	-	Жиі емес
	Фотосезімталдық реакциялары	-	Жиі емес*
	Пемфигоид	-	Жиі емес*

MedDRA ағзаларының кластары мен жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілік	
		Бисопролол	Периндоприл
	Гипергидроз	-	Жиі емес
	Аса жоғары сезімталдық реакциялары (қышыну, қызару, тері бөртпесі және ангионевроздық ісіну)	Сирек	-
	Псориаз ағымының күшеюі	-	Сирек*
	Көп формалы эритема	-	Өте сирек
	Алопеция	Өте сирек	-
	Бета-адреноблокаторлар псориазды қоздыруы немесе күшейтуі мүмкін немесе псориаз тәрізді бөртпелерді туындатуы мүмкін	Өте сирек	-
Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Бұлшықет түйілуі	Жиі емес	Жиі
	Бұлшықет әлсіздігі	Жиі емес	-
	Артралгия	-	Жиі емес*
	Миалгия	-	Жиі емес*
Бүйрек және несеп шығару жолы тарапынан бұзылулар	Бүйрек функциясының бұзылуы	-	Жиі емес
	Бүйрек функциясының жедел жеткіліксіздігі	-	Сирек
	Анурия / Олигурия		Сирек*
Ұрпақ өрбіту жүйесі және сүт бездері тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Сирек	Жиі емес
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар	Астения	Жиі	Жиі
	Қатты қажу	Жиі	-
	Кеуденің ауыруы	-	Жиі емес*
	Дімкәстік	-	Жиі емес*
	Шеткері ісінулер	-	Жиі емес*
	Гипертермия	-	Жиі емес*

MedDRA ағзаларының кластары мен жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілік	
		Бисопролол	Периндоприл
Зертханалық және аспаптық деректер	Зертханалық және аспаптық деректер	-	Жиі емес*
	Қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы	-	Жиі емес
	"Бауыр" ферменттері белсенділігінің жоғарылауы	Сирек	Сирек
	Қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы	-	Сирек
	Триглицеридтер концентрациясының жоғарылауы	Сирек	-
	Гемоглобин мен гематокриттің төмендеуі (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек*
Жарақаттар, уыттану және процедуралардың асқынулары	Құлаулар	-	Жиі емес*

* Өздігінен келіп түскен хабарламалар бойынша анықталған жағымсыз реакциялардың жиілігін бағалау клиникалық зерттеулер нәтижелерінің деректері негізінде жүргізілді.

** Әдетте симптомдар емнің басында байқалды. Олар әдетте жеңіл дәрежеде көрінді және көбінесе 1-2 апта ішінде өтті.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Дәрілік препараттың "пайда-қауіп" арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препарат тіркелгеннен кейін күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық хабарлау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, құр. 1

Денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызметі

Тел.: +7 800 550 99 03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5

"Академик Э. Габриелян атындағы Дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау ғылыми орталығы" ЖТАҚ

Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96, (+374 10) 23-16-82

Дәрілік заттар қауіпсіздігін мониторингілеу бөлімінің жедел желі телефоны: (+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05

Эл. пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский түйық көш., 2а

"Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы" ҚБ

Тел.: +375 (17) 231-85-14

Факс: +375 (17) 252-53-58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242-00-29

Эл. пошта: rceth@rceth.by, rcpl@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 ("Нұрсәулет 2" БО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (7172) 78-99-11

Эл. пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалануы

Адамда Престилол препаратымен артық дозалануы бойынша деректер жоқ.

Бисопролол

Симптомдар

Бета-адреноблокаторлармен артық дозаланғанда дамуын күтуге болатын ең көп кездесетін белгілер - брадикардия, артериялық гипотензия, бронх түйілуі, жедел жүрек жеткіліксіздігі және гипогликемия. Осы уақытқа дейін брадикардияның және/немесе артериялық гипотензияның дамуымен артериялық гипертензиясы және/немесе ЖИА бар пациенттерде орын алған бисопрололдың артық дозалануының (ең жоғары дозасы: 2000 мг) бірнеше жағдайлары ғана сипатталған. Барлық сипатталған пациенттер қалпына келді. Жоғары дозаны бір рет қабылдаған кезде бисопрололға жеке сезімталдық дәрежесі кең шекте ауытқиды, және мүмкін, жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттер анағұрлым сезімтал болып табылады.

Емі

Артық дозаланған жағдайда емдеуді тоқтатып, демеуші симптоматикалық ем жүргізген жөн. Бисопрололдың диализ кезінде нашар шығарылатындығын көрсететін шектеулі деректер бар. Күтілетін фармакологиялық әсерлер және басқа бета-адреноблокаторларға арналған ұсынымдар негізінде мынадай шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастыру керек:

Брадикардия: атропинді вена ішіне енгізу. Егер әсер жеткіліксіз болса, оң хронотропты әсері бар дәріні сақтықпен енгізуге болады. Кейде электрокардиостимуляторды вена арқылы орнату қажет болуы мүмкін.

Айқын артериялық гипотензия: сұйықтықтар мен тамыр тарылтатын препараттарды вена ішіне енгізу керек. Глюкагонды вена ішіне енгізу тиімді болуы мүмкін.

AV блокадасы (2 немесе 3 дәреже): пациенттің жағдайын мұқият бақылау және электрокардиостимуляторды вена арқылы орнату қажет.

Жүрек жеткіліксіздігінің жедел нашарлауы: диуретиктерді, инотропты препараттарды, тамыр кеңейтетін дәрілерді вена ішіне енгізу.

Бронх түйілуі: бета₂-симпатомиметики және/немесе аминофиллин сияқты бронхолитиктерді енгізу.

Гипогликемия: глюкозаны вена ішіне енгізу.

Периндоприл

Симптомдар

Адамның артық дозалануы туралы деректер шектеулі. АӨФ тежегіштерінің артық дозалануымен байланысты симптомдарға артериялық гипотензия, циркуляторлық шок, су-электролиттік теңгерімнің бұзылуы, бүйрек жеткіліксіздігі, гипервентиляция, тахикардия, жүректің қағуы, брадикардия, бас айналу, мазасыздық және жөтел кіруі мүмкін.

Емі

Артық дозалануды емдеу үшін 9 мг/мл (0,9%) концентрациядағы натрий хлориді ерітіндісінің вена ішіне инфузиясы ұсынылады. Айқын артериялық гипотензия кезінде пациентті аяғын көтеріп, шалқасынан жатқызу керек. Қажет болған жағдайда ангиотензин II және/немесе катехоламин ерітіндісі вена ішіне енгізілуі мүмкін. Периндоприлді гемодиализдің көмегімен жүйелі қан ағымынан шығаруға болады (4.4-бөлімді қараңыз). Емге төзімді брадикардия дамыған кезде электрокардиостимуляторды орнату қажет болуы мүмкін. Организмнің негізгі өмірлік функцияларының көрсеткіштерін, қан сарысуындағы электролиттер мен креатинин концентрациясын үнемі бақылау қажет.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы:

Біріктірілген гипотензивті дәрі (β 1-адреноблокатор селективті + АӨФ тежегіші).

АТХ коды: C09BX02

Әсер ету механизмі

Бисопролол

Бисопролол стимуляциялайтын және тиісті жарғақша тұрақтандырғыш әсері жоқ бета 1-адренорецепторлардың жоғары селективті блокаторы болып табылады. Ол бронхтар мен тамырлардың тегіс бұлшықеттерінің бета₂-адренорецепторларына, сондай-ақ метаболизмдік реттеуге қатысатын бета₂-адренорецепторларға аз ғана жақындықты көрсетеді. Осылайша, бисопролол тыныс алу жолдарының кедергісіне және бета 2-адренорецепторлар қатысатын метаболизмдік процестерге әсер етпейді. Бисопрололдың бета 1-адренорецепторларға селективті әсері емдік дозалар ауқымынан тыс сақталады.

Периндоприл

Периндоприл - ангиотензин I-ді ангиотензин II-ге айналдыратын фермент тежегіші (АӨФ тежегіші). Ангиотензин өзгертетін фермент (АӨФ) немесе киназа II-бұл ангиотензин I-нің ангиотензин II-нің тамыр тарылтатын затқа айналуын және белсенді емес гептапептидке дейін тамыр кеңейтетін әсері бар брадикининнің ыдырауын жүзеге асыратын экзопептидаза. АӨФ тежелуі қан плазмасындағы ангиотензин II концентрациясының төмендеуіне әкеледі, бұл қан плазмасындағы ренин белсенділігінің артуына ("теріс кері байланыс" механизмі бойынша) және альдостерон секрециясының төмендеуіне әкеледі.

АӨФ брадикининнің белсенділігін жоятындықтан, АӨФ басуы айналымдағы және тіндік калликреин-кинин жүйесінің белсенділігінің артуымен қатар жүреді, бұл ретте простагландиндер жүйесі де іске қосылады. Бұл әсер АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсер ету механизмінің, сондай-ақ кейбір жағымсыз әсерлердің (мысалы, жөтел) даму механизмінің бөлігі болуы мүмкін.

Периндоприл белсенді метаболит периндоприлатының арқасында емдік әсерге ие. Басқа метаболиттер АӨФ *in vitro* тежегіштік әсер етпейді.

Фармакодинамикалық әсерлері

Бисопролол

Бисопролол айтарлықтай теріс инотропты әсер етпейді.

Ең жоғарғы әсер препаратты қабылдағаннан кейін 3-4 сағаттан соң байқалады. Жартылай шығарылу кезеңі 10-12 сағатты құрайтындықтан, бисопролол 24 сағат бойы жұмыс істейді. Бисопрололдың гипертензияға қарсы ең жоғарғы әсері әдетте 2 аптадан кейін қол жеткізіледі.

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) жоқ жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) бар пациенттер бір рет қабылдаған кезде бисопролол жүректің жиырылу жиілігін (ЖЖЖ) және соққы көлемін қысқартады, бұл жүректік лықсуды және оттегі тұтынудың төмендеуіне әкеледі. Тұрақты қолданған кезде бастапқы жоғары шеткері қантамырлардың кедергісі төмендейді. Қан плазмасындағы ренин белсенділігінің төмендеуі бета-адреноблокаторлардың гипертензияға қарсы әсерінің негізіндегі әсер ету механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Бисопролол жүректің бета-адренорецепторларын блоктау арқылы симпато-адренергиялық реакцияны азайтады. Бұл ЖЖЖ төмендеуіне және миокардтың жиырылуына әкеледі, нәтижесінде миокардтың оттегіне деген қажеттілігі азаяды, бұл ЖИА-мен байланысты стенокардияға қажетті әсер етеді.

Периндоприл

Артериялық гипертензия

Периндоприл кез-келген ауырлық дәрежесіндегі артериялық гипертензияны емдеуге арналған дәрі болып табылады. Оны қолдану аясында "жатқан" және "тұрған" қалпында систолалық және диастолалық артериялық қысымның (АҚ) төмендеуі байқалады.

Периндоприл жалпы шеткері қантамырлардың кедергісін азайтады, бұл АҚ төмендеуіне және ЖЖЖ өзгертпестен шеткері қан ағымының жақсаруына әкеледі.

Әдетте, периндоприлді қабылдау бүйрек қан ағымын арттырады, шумақтық сүзілу жылдамдығы (ШСЖ) әдетте өзгермейді.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Бисопролол

Эхокардиография деректері бойынша <35% шығарынды фракциясы бар NYHA жіктеуі бойынша III және IV функционалдық кластағы СЖЖ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеуде жалпы өлім-жітімнің 17,3% - дан 11,8% - ға дейін төмендегені көрсетілді. Кенеттен қайтыс болу жағдайларының азаюы және ауруханаға жатқызуды қажет ететін жүрек жеткіліксіздігімен байланысты эпизодтардың азаюы байқалды. Нәтижесінде NYHA жіктеуі бойынша СЖЖ функционалды жағдайының айтарлықтай жақсаруы байқалды.

Периндоприл

Артериялық гипертензия:

Гипертензияға қарсы ең жоғарғы әсер бір рет ішкеннен кейін 4-6 сағаттан кейін дамиды және кем дегенде 24 сағат бойы сақталады: қалдық әсерлер байқалады, олар ең жоғарғы әсерлерінің шамамен 87-100% құрайды. АҚ төмендеуі тез жүреді. Емдеуге жауап беретін пациенттерде қан қысымын қалыпқа келтіруге бір ай ішінде қол жеткізіледі және тахифилаксияны дамытпай сақталады.

Емді тоқтату "рикошет" әсерін туындатпайды.

Периндоприл сол жақ қарыншаның гипертрофиясын азайтады.

Периндоприлдің тамыр кеңейтетін әсері бар. Бұл үлкен артериялардың серпімділігін қалпына келтіруге және жақтау қалыңдығының арақатынасын азайтуға көмектеседі: ұсақ артериялардың саңылауы.

Тиазидті диуретиктермен қосалқы ем әсердің жиынтық түрі бойынша синергияны туындатады. АӨФ тежегіші мен тиазидті диуретиктің біріктірілуі диуретикпен емдеуге байланысты

гипокалиемияның даму қаупін де төмендетеді.

Тұрақты ишемиялық жүрек ауруы бар пациенттер:

СЖЖ клиникалық белгілері жоқ тұрақты ЖИА бар 18 жастан асқан пациенттерде периндоприлді қолдану тиімділігі 4 жылдық зерттеу барысында зерттелді. Зерттеуге қатысушылардың 90%-ы бұрын миокард инфарктісімен ауырған және/немесе реваскуляризация емшарасын алған. Пациенттердің көпшілігі тромбоциттер агрегациясының тежегіштерін, гиполипидемиялық препараттарды және бета-адреноблокаторларды қоса алғанда, стандартты ем негізінде дәрілік препараттар алды. Тиімділіктің негізгі критерийі жүрек-қантамыр өлімін, өлімге әкелмейтін миокард инфарктісін және/немесе сәтті реанимациясы бар жүректің тоқтап қалуын қамтитын құрама соңғы нүкте болды.

Периндоприл терт-бутиламинмен тәулігіне 8 мг дозада (10 мг периндоприл аргининге баламалы) емдеу асқинулардың абсолюттік қаупінің 1,9% - ға айтарлықтай төмендеуіне әкелді (салыстырмалы қауіптің төмендеуі - 20%). Бұрын миокард инфарктісін немесе реваскуляризация емшарасын өткерген пациенттерде плацебо тобымен салыстырғанда абсолюттік қауіптің төмендеуі 2,2% (салыстырмалы қауіптің төмендеуі – 22,4%) құрады. Бета-адреноблокатор алған пациенттерге периндоприл қосылған кезде периндоприл қоспай бета-адреноблокаторлармен жүргізілетін еммен салыстырғанда жүрек - қантамырдан болған өлімінің, өлімге әкелмейтін миокард инфарктісінің және/немесе сәтті реанимациясы бар жүрек ұстамасының абсолюттік қаупінің 2,2% - ға (салыстырмалы қауіптің төмендеуі-24%) едәуір төмендеуі байқалды.

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің қосарлы блокадасы (РААЖ):

АӨФ тежегішін және ангиотензин II рецепторының антагонисін(АРА II) қолдана отырып, біріктірілген емнің клиникалық зерттеулерінің деректері бар.

Анамнезінде кардиоваскулярлық немесе цереброваскулярлық аурулары бар не нысана-ағзаның расталған зақымдануымен қоса жүретін 2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеу, сондай-ақ 2 типті қант диабеті және диабеттік нефропатиясы бар пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілді.

Осы зерттеулер біріктірілген емнің бүйрек және/немесе кардиоваскулярлық оқиғалардың пайда болуына және өлім көрсеткіштеріне айтарлықтай оң әсерін анықтаған жоқ, ал гиперкалиемияның, жедел бүйрек жеткіліксіздігінің және/немесе артериялық гипотензияның даму қаупі монотерапиямен салыстырғанда артты.

АӨФ және АРА II тежегіштерінің ұқсас топшілік фармакодинамикалық қасиеттерін назарға ала отырып, осы нәтижелерді АӨФ және АРА II тежегіштерінің кластары өкілдерінің кез келген басқа препараттардың өзара әрекеттесуі үшін күтуге болады.

Сондықтан АӨФ және АРА II тежегіштерін диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде бір мезгілде қолдануға болмайды.

2 типті қант диабеті және созылмалы бүйрек ауруы немесе кардиоваскулярлық ауруы бар немесе осы аурулардың біріктірілімі бар пациенттерде АӨФ немесе АРА II тежегішімен стандартты емге алискирен қосудың әсерін зерттеу бойынша клиникалық зерттеу деректері бар. Зерттеу қолайсыз нәтижелердің пайда болу қаупінің артуына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылды. Плацебо тобымен салыстырғанда, алискирен алатын пациенттер тобында кардиоваскулярлық өлім мен инсульт жиі байқалды; сондай-ақ жағымсыз құбылыстар мен ерекше қызығушылықтың елеулі жағымсыз құбылыстары (гиперкалиемия, артериялық гипотензия және бүйрек функциясының бұзылуы) плацебо тобына қарағанда алискирен тобында жиі тіркелді.

Балалар

Балаларда Престилол препаратын қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі жөніндегі деректер жоқ.

5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері

Престиллол препаратының құрамындағы бисопролол мен периндоприлдің сіңу жылдамдығы мен дәрежесі монотерапия түрінде оларды жеке қабылдаған кезде бисопролол мен периндоприлдің фармакокинетикасынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

Бисопролол

Сіңуі

Бисопролол асқазан-ішек жолынан толық дерлік (> 90%) сіңеді. Бауыр арқылы алғашқы өту кезінде метаболизмнің мардымсыз болуына байланысты (шамамен 10%), оның ішкеннен кейінгі биожетімділігі шамамен 90% құрайды.

Таралуы

Таралу көлемі 3,5 л/кг тең. Бисопрололды қан плазмасының ақуыздарымен байланыстыру шамамен 30% құрайды.

Биотрансформациясы

Бисопролол ағзадан екі жолмен шығарылады. 50% белсенді емес метаболиттерді қалыптастыру үшін бауырда метаболизмге ұшырайды, содан кейін олар бүйрекпен шығарылады. Қалған 50% бүйрек арқылы өзгеріссіз шығарылады. Жалпы клиренсі шамамен 15 л/сағ құрайды.

Элиминациясы

Қан плазмасынан жартылай шығарылу кезеңі 10-12 сағатты құрайды, бұл тәулігіне бір рет қабылдағаннан кейін 24 сағат ішінде әсердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттердегі зерттеуде (орташа креатинин клиренсі [КК] 28 мл/мин) КК төмендеуі C_{max} , AUC ("концентрация-уақыт" қисығының астындағы аудан) және $T_{1/2}$ бисопрололдың ұлғаюымен қатар жүретінін көрсетті. Бисопролол клиренсі бүйрек пен бауырмен бірдей дәрежеде жүзеге асырылатындықтан, ауыр бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде бисопрололдың елеулі кумуляциясы байқалмайды.

Бауыр функциясының бұзылуы

Бауыр циррозы бар пациенттерде дені сау адамдармен салыстырғанда жоғары өзгергіштік және элиминацияның едәуір баяулауы байқалады ($T_{1/2}$ бисопролол 8,3-тен 21,7 сағатқа дейін). Бауыр функциясы қалыпты және бұзылған пациенттер арасында фармакокинетиканың клиникалық маңызды айырмашылықтары анықталған жоқ.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі

НУНА жіктеуі бойынша III функционалдық кластағы СЖЖ бар пациенттерде қан плазмасында бисопрололдың жоғары мөлшері және дені сау еріктілермен салыстырғанда жартылай шығарылу кезеңінің ұлғаюы байқалды. Қан плазмасындағы бисопрололдың ең жоғары концентрациясы 10 мг тәуліктік дозада 64 ± 21 нг/мл құрайды; жартылай шығарылу кезеңі 17 ± 5 сағатты құрайды. СЖЖ және бауыр немесе бүйрек функциясының қатар жүретін бұзылулары бар пациенттерде бисопрололдың фармакокинетикасы зерттелмеген.

Егде жас

Егде жастағы пациенттерде бүйрек клиренсінің жасқа байланысты төмендеуіне байланысты болжам бойынша жас пациенттермен салыстырғанда бисопрололдың кейбір фармакокинетикалық көрсеткіштерінің ($T_{1/2}$, AUC, C_{max}) шамалы ұлғаюы байқалады. Алайда, бұл айырмашылықтар клиникалық тұрғыдан маңызды емес және бисопролол дозасын түзетуді қажет етпейді.

Периндоприл

Сіңуі

Ішке қабылдаған кезде периндоприл тез сіңеді, қан плазмасындағы ең жоғары концентрацияға 1 сағат ішінде қол жеткізіледі. Қан плазмасынан жартылай шығарылу кезеңі 1 сағатты құрайды.

Таралуы

Бос периндоприлаттың таралу көлемі шамамен 0,2 л/кг құрайды. Периндоприлаттың қан плазмасы ақуыздарымен, негізінен АӨФ-пен байланысы 20% құрайды және дозаға тәуелді.

Биотрансформациясы

Периндоприл - ізашар дәрі болып табылады. Ішке қабылданған периндоприлдің жалпы мөлшерінің 27% - ы қанға периндоприлаттың белсенді метаболиті түрінде түседі. Белсенді периндоприлаттан басқа, периндоприл бес белсенді емес метаболиттер түзеді. Қан плазмасындағы периндоприлат концентрациясы 3-4 сағат ішінде максимумға жетеді.

Тамақтану периндоприлдің периндоприлатқа айналу жылдамдығын төмендетеді, сондықтан оның биожетімділігі, сондықтан периндоприл аргининін тамақтанар алдында күніне бір рет ішу керек.

Элиминациясы

Периндоприлат организмнен бүйрекпен шығарылады, ал бос фракцияның жартылай шығарылуының соңғы кезеңі шамамен 17 сағатты құрайды, нәтижесінде тепе-теңдік күйіне 4 күн ішінде қол жеткізіледі.

Дозаға тәуелділігі

Периндоприл дозасы мен оның қан плазмасындағы концентрациясы арасындағы байланыс тәуелділік сипатқа ие екендігі көрсетілген.

Пациенттердің ерекше топтары

Периндоприлаттың шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ жүрек немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулайды. Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде бүйрек функциясының бұзылу дәрежесіне (креатинин клиренсі) байланысты дозаны түзеткен жөн.

Периндоприлаттың диализдік клиренсі 70 мл/мин құрайды.

Бауыр циррозы бар пациенттерде периндоприлдің фармакокинетикасы өзгерген сипатқа ие: бастапқы молекуланың бауыр клиренсі екі есеге төмендеген. Соған қарамастан, пайда болған периндоприлат мөлшері азаймайды, сондықтан дозаны түзету қажет емес (4.2 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1 Қосымша заттардың тізбесі

микрочисталды целлюлоза
кальций карбонаты
желатинделген крахмал
натрий карбоксиметилкрахмалы
натрий кроскармеллозасы
сусыз коллоидты кремний
магний стеараты

Үлбірлі қабық:

глицерол
гипромеллоза
макрогол 6000
магний стеараты
титанның қостотығы (E171)
бояғыш темірдің сары тотығы (E172)
бояғыш темірдің қызыл тотығы (E172)

6.2 Үйлесімсіздігі

Қатысы жоқ.

6.3 Жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі)

30 ай.

6.4 Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

6.5 Бастапқы қаптаманың сипаты мен ішіндегісі

30 таблеткадан полиэтиленнен жасалған дозатормен және кептіргіш (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан алғашқы ашылуы бақыланатын, қосымша парақпен бірге картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама: 30 таблеткадан полиэтиленнен жасалған дозатормен және кептіргіш (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

30 таблеткадан 3 құтыдан алғашқы ашылуы бақыланатын, қосымша парақпен бірге картон қорапшада.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Қалған барлық дәрілік препарат пен қалдықтарды ұлттық заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес жойылу тиіс.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

"Лаборатории Сервье"

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно көш. 50 / 50 rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

7.1 Тіркеу куәлігін ұстаушысының өкілі

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушысының өкіліне жүгіну қажет:

Ресей Федерациясы

"Сервье" АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937-07-00

Факс: +7 (495) 937-07-01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ. 310Г

Тел.: +7 (727) 386-76-62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы "Les Laboratoires Servier" УАҚ өкілдігі (Франция Республикасы)

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш., 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306-54-55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Армения Республикасы

"Лаборатории Сервье" өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Амирян көш., 15, 100 дүкен, Кентрон

Тел.: (+374 10) 50-50-74

Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ (КУӘЛІКТЕРІНІҢ) НӨМІРІ

ДП-№(000569)-(РГ-RU)

ДП-№(000569)-(ГП-AM)

ДП-№000569-ГП-BY

ДП-№000569-ГП-KZ

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ (ТІРКЕЛГЕНІН, ҚАЙТА ТІРКЕЛГЕНІН РАСТАУ)

Бірінші тіркелген күні:

Ресей Федерациясында: 14 ақпан 2022
Армения Республикасында: 10 қаңтар 2023
Беларусь Республикасында: 28 қыркүйек 2022
Қазақстан Республикасында: 10 наурыз 2023

10. МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Престилол дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында "Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желісінде қолжетімді.

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА

2. НАИМЕНОВАНИЕ ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА

Престилол, 5 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой
Престилол, 5 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой
Престилол, 10 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой
Престилол, 10 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

2. КАЧЕСТВЕННЫЙ И КОЛИЧЕСТВЕННЫЙ СОСТАВ

Действующие вещества: бисопролол + периндоприл.

Престилол, 5 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Каждая таблетка содержит 5 мг бисопролола фумарата (соответствует 4,24 мг бисопролола) и 5 мг периндоприла аргинина (соответствует 3,395 мг периндоприла).

Престилол, 5 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Каждая таблетка содержит 5 мг бисопролола фумарата (соответствует 4,24 мг бисопролола и 10 мг периндоприла аргинина (соответствует 6,790 мг периндоприла).

Престилол, 10 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Каждая таблетка содержит 10 мг бисопролола фумарата (соответствует 8,49 мг бисопролола) и 5 мг периндоприла аргинина (соответствует 3,395 мг периндоприла).

Престилол, 10 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Каждая таблетка содержит 10 мг бисопролола фумарата (соответствует 8,49 мг бисопролола и 10 мг периндоприла аргинина (соответствует 6,790 мг периндоприла).

Полный перечень вспомогательных веществ приведен в разделе 6.1.

3. ЛЕКАРСТВЕННАЯ ФОРМА

Таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Престилол, 5 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

продолговатые двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой оранжево-розового цвета, с разделительной риской, с гравировкой «5/5» на одной стороне и гравировкой «» на другой стороне.

Таблетку можно разделить на равные половины.

Престилол, 5 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

продолговатые двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой оранжево-розового цвета, с разделительной риской, с гравировкой «5/10» на одной стороне и гравировкой «» на другой стороне.

Таблетку можно разделить на равные половины.

Престилол, 10 мг + 5 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

круглые двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой оранжево-розового цвета, с гравировкой «10/5» на одной стороне и с гравировкой «» на другой стороне.

Престилол, 10 мг + 10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

продолговатые двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой оранжево-розового цвета, с гравировкой «10/10» на одной стороне и с гравировкой «» на другой стороне.

4. КЛИНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ

4.1 Показания к применению

Лечение артериальной гипертензии и/или стабильной ишемической болезни сердца и/или стабильной хронической сердечной недостаточности со сниженной систолической функцией левого желудочка у взрослых пациентов, которым показана терапия бисопрололом и периндоприлом в соответствующих дозах.

4.2 Режим дозирования и способ применения

Режим дозирования

По 1 таблетке 1 раз в сутки.

Пациентам, которым показан прием 2,5 мг бисопролола и 2,5 мг периндоприла следует принимать ½ таблетки препарата Престилол 5 мг + 5 мг один раз в день.

Пациентам, которым показан прием 2,5 мг бисопролола и 5 мг периндоприла следует принимать ½ таблетки препарата Престилол 5 мг + 10 мг один раз в день.

Особые группы пациентов

Пациенты пожилого возраста

Препарат следует назначать в соответствии с рекомендациями для пациентов с нарушением функции почек.

Пациенты с нарушением функции почек (см. разделы 4.4. и 5.2.)

Пациентам с нарушением функции почек препарат Престилол назначается с учетом значений клиренса креатинина (Cl_{CR}), как указано в Таблице 1.

Таблица 1.

Клиренс креатинина (мл/мин)	Рекомендованная доза			
	Таблетка 5 мг + 5 мг	Таблетка 5 мг + 10 мг	Таблетка 10 мг + 5 мг	Таблетка 10 мг + 10 мг
$Cl_{CR} \geq 60$	Одна таблетка Престилол 5 мг + 5 мг	½ таблетки Престилол 5 мг + 10 мг	Одна таблетка Престилол 10 мг + 5 мг	Не следует принимать. Рекомендуется индивидуальный подбор доз отдельных компонентов.
